

## Соғыс басталды

1941 – жылы 22 - маусымда, 1939 - жылы тарихта Риббентроп-Молотов пактiсi деген атпен белгiлi екi жақты келiсiм бойынша Европаны ықпал ету аймақтарына бөлiп алып, бөлiп алған мемлекеттерiн өздерiне күштеп қосып алу барысында басталған II дүниежүзiлiк соғыс жана кезеңге аяқ басып, сталиндiк-гитлерлiк тоталитарлық режимнiң арасында ендi екеуара қанқұйлы соғыс басталды. Кеңес халқы үшiн бұл соғыстың нақты тарихи шындығы - соғыс шындығында да халықтық сипатқа ие Отан соғысына айналуы ғана себептi Ұлы Жеңiспен аяқталды. Соғыс барысында, әсiресе оның бас кезiнде Кеңестiк саяси-әскери билiк өзiнiң толықтай белсiздiгiн көрсеттi. Сталиндiк саяси жүйенiң осы қылмысты қауқарсыздығының арқасында Кеңестер осы жылдардағы Европа елдерiндегi соғысқа ең әлеуеттi дайындалған бiрден-бiр ел бола тұра осы, Кеңестер елi халықтарының шындығында да ерлiкке толы еңбегiмен жасалған – оның iшiнде адам төзгiсiз жағдайлардағы жанкештi еңбектерiнiң арқасында алып өндiрiс орнын тұрғызған балқаштықтар да бар – қуатты потенциалын өздерiнен анағұрлым әлсiз гитлерлiк басқыншылардың шабуылын тойтаруға қолдана алмады. Сөзiмiзге дәлел бiр ғана фактi: соғыс қарсаңында Қызыл Армиядағы сол тарихи кезеңдегi басты шабуыл қаруы- танктердiң саны Европаның барлық, оның iшiнде Англия, Франция, Германия, Италия сияқты iрi елдердi де қоса алғандағы елдердiң танктерi санынан анағұрлым көп болған. Кеңестер елiн мекендеген барша халықтардың озық ойлы зиялы тобын жою, аштықпен қара халықты қыру сияқты өз халқымен соғыста ғана «шешушi» жеңiске қауқарлы сталиндiк жүйенiң қылмысты әрекеттерiнiң нәтижесiнде интеллектуалдық-әлеуметтiк-рухани қуаты әлсiреген Кеңес халқы II дүниежүзiлiк соғыста ең үлкен құн төлеуге мәжбүр болды. Осы соғыста қаза болғандардың жартысынан астамы – 27 миллионы Кеңес адамдары едi!



«Балқаш жұмысшысы» газетінен қиынды  
В.Молотовтың радиода сөйлеген сөзі



«Балқаш жұмысшысы» газетінен қиынды  
Совет Президумының Указы

